

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 31 наурыз 2023 жыл

"ҚазТрансОйл" АҚ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ қызметтеріне тарифтер бекітілгенін туралы хабарлайды

Осымен «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2023 жылғы 31 наурыздағы № 30 және № 31 бұйрықтарымен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ қызметтеріне мынадай тарифтер бекітілгенін хабарлайды:

- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясындағы (бұрынғы «Атырау» мұнай айдау станциясы) теміржол цистерналарына мұнай құю - 1 тонна үшін 1 213, 20 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында (бұрынғы «Атырау» мұнай айдау станциясы) мұнайды жылытусыз Каспий құбыр консорциумы жүйесіне ауыстырып тиеу - 1 тонна үшін 263, 49 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында (бұрынғы «Атырау» мұнай айдау станциясы) мұнайды жылытып, Каспий құбыр консорциумы жүйесіне ауыстырып тиеу - 1 тонна үшін 320, 09 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- «Мақат» мұнай айдау станциясында мұнайды «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырына ауыстырып тиеу - 1 тонна үшін 2 283, 27 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- «Кеңқияқ» бас мұнай айдау станциясында (бұрынғы «Кеңқияқ» желілік өндірістік-диспетчерлік станциясы) мұнайды ауыстырып тиеу - 1 тонна үшін 337, 5 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- бірыңғай маршруттау жөніндегі операторлық қызмет - 1 тонна үшін 84,47 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында Н.Н. Шманов атындағы мұнай айдау станциясындағы мұнайды 1 тонна үшін 1000,00 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырына ауыстырып тиеу.

Көрсетілген тарифтер 2023 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс қызметі**